

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 наурыздағы N 269 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 желтоқсандағы N 1334 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық кодексі) 250-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қосылған құн салығы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген тәртіппен есепке алу әдісімен төленетін импортталған жабдықтардың, ауыл шаруашылығы техникасының, автомобиль көлігі жылжымалы жүк құрамының, сондай-ақ жеке өндірістік мұқтаждар үшін әкелінетін қосалқы бөлшектердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 наурыздағы N 269 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қосылған құн салығы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген тәртіппен есепке алу әдісімен төленетін импортталған жабдықтардың, ауыл шаруашылығы техникасының, автомобиль көлігі жылжымалы жүк құрамының, сондай-ақ жеке өндірістік мұқтаждар үшін әкелінетін қосалқы бөлшектердің тізбесінде:

реттік нөмірлері 1, 3, 10, 16, 17, 48, 87, 88, 103, 144, 150, 151, 152, 157, 165, 172-жолдар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

